

LD-207U

Little Doctor®

Ультразвуковой ингалятор LD

Руководство по эксплуатации

Ультразвуковий інгалятор LD

Інструкція з експлуатації

Ультрадыбысты ингалятор LD

Пайдалану жөніндегі басшылық құжат

RUS

UKR

KAZ



МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| Ауақірне алудың жаңа технологиясы | 31 |
| Жалпы мәліметтер | 31 |
| Аспаптың негізгі бөлшектері | 32 |
| Сақтық шаралары | 34 |
| Қуаттау элементтерін орнату | 34 |
| Пайдалану тәртіб | 35 |
| <i>Жарғақты тазарту режімі</i> | 37 |
| Күтім жасау, сақтау, жөндеу және өтелге шығару | 38 |
| Кепілдемелік міндеттемелер | 38 |
| Жиынтықтылығы | 38 |
| Негізгі техникалық сипаттамалары | 39 |
| Ақауларды іздеу алгоритмі және оларды түзету тәсілдері | 40 |
| Сертификаттау және мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер | 42 |
| LD-207U ингаляторының жинақтаушы бөлшектері | 43 |

АУАКІРНЕ АЛУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

LD-207U үлгісі – бұл – торлы жарғақшаның және төмен жиілікті ультрадыбысты генератордың көмегімен ауақірне алудың жаңа мәш-технологиясы пайдаланылған ингалятор.

Қарапайым ультрадыбысты ингаляторлармен салыстырғанда мәш-технологияны пайдаланудың мынандай бірқатар артықшылықтары бар:

- аспап көлемінің шағындығы;
- деммен қабылданатын ерітінділер ретінде шипалы дәрілердің кең көлемін, оның ішінде гормондық дәрілерді, антибиотиктерді, антисептиктерді және минералды суды пайдалануға болатындығы;
- деммен қабылданатын ерітінділерден қалдық қалмайтындығы, ал ол қымбат емдік дәрілерді үнемдеуге мүмкіндік береді;
- аспаптың бейімдегіш арқылы розеткадан және кәдімгі 2 батареядан немесе аккумуляторлардан қуаттанып жұмыс істей алатындығы;
- аспаптың жұмысында шуылдың болмайтындығы және ингаляциялық ем-домды тіпті ұйықтап жатқан балаларға да жасауға болады;
- аспапты ингаляция кезінде өзінің тік қалпынан 45°-қа дейін еңкейтуге болатындығы.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР







Ультрадыбысты LD ингаляторы тыныс алу жолдары мен өкпені СУЛЫ емдік дәрілер ерітінділерінің ауақірнелерімен емдеу мекемелерінде және үй жағдайында емдеуге және ондай сырқаттардың алдын алуға арналған.

Бұл басшылық құжат пайдаланушының ультрадыбысты LD ингаляторын қауіпсіз және тиімді пайдалануына көмек көрсетуге арналған.

Аспап осы басшылық құжатта жазылған ережелерге сәйкес пайдаланылуға тиіс және онда көрсетілгендегіден басқа мақсатта қолданылмауы керек. басшылық құжатты толықтай оқып, түсініп алған жөн.

торлы жарғақшасы бар ультрадыбысты генераторлы ауақірне пайда болу камерасынан және қуаттау элементтеріне арналған бөлікшесі бар негізгі блоктан тұрады. Аспаптың корпусында қосу/ажырату түймешігі және жарық кейіптегіштері орналасқан.

АСПАПТЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛШЕКТЕРІ



KAZ

| ТӘСІМДЕГІ ҚАЛЫП № | АТАУЫ | СИПАТТАУ / АРНАЛУЫ |
|----------------------|--|---|
| 1 | Деммен қабылдау камерасы | Деммен қабылданатын ерітіндіден пайда болған ауақірнеге арналған торлы жарғақшасы бар шешіlmелі LD-N060 камерасы. <i>Шығындық материал.</i> |
| 1a | Дәрмектерге арналған бөлік | Деммен қабылданатын ерітіндіге арналған бөлік. |
| 1b | Су құюға арналған бөлік | Ыстық суға арналған бөлік. |
| 1c | Торлы жарғақша | Деммен қабылданатын ерітіндіні ауақірнеге айналдырады. |
| 2 | Электродтар | Негізгі блок пен деммен қабылдау камерасы арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. |
| 3 | Негізгі блок | Аспаптың негізгі блогы. |
| 4 | POWER кейіптегіші | Аспап қуаттануының ҚОСУ./АЖЫР. жасыл кейіптегіші. Жанса – қуаттау қосылған, өшіп тұрса – ажыратылған. |
| 5 | BATT кейіптегіші | Қуаттау элементтері қуатсыздануының сары кейіптегіші. Жыпылықтап тұрса – төмен заряд, жанып тұрса – қуаттау элементтері қуатсызданған. |
| 6 | Түймешік  | Аспапты іске қосу/ажырату түймешігі. |
| 7 | Қуаттау элементтеріне арналған бөлік | Қуаттау элементтеріне арналған бөлік. |
| 8 | Электрмен қуаттау көзіне арналған ұяшық | Электрмен қуаттау көзін қосуға арналған ұяшық. |
| 9 | Қуаттау элементтері | AA қуаттау элементтері (LR6), аспапты электрмен қуаттауға арналған. <i>Шығындық материал.</i> |
| 10 | Мүштік | LD-N023 деммен қабылдау мүштігі. <i>Шығындық материал.</i> |
| 11 | Ересектер демпердесі | LD-N041 деммен қабылдау демпердесі, ересектерге арналған көлем. <i>Шығындық материал.</i> |
| 12 | Балалар демпердесі (шағын) | LD-N040 деммен қабылдау демпердесі, балаларға арналған шағын көлемді. <i>Шығындық материал.</i> |

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

⚠ Есіңізде болсын! Зақымдап алмас үшін торлы жарғақшаны қолыңызбен ұстамаңыз, әлдебір затпен, спиртпен немесе ерітінділермен тазаламаңыз.

⚠ Есіңізде болсын! Құрамында эфир, майлар немесе жүзгінді бөлшектер (суспензиялар), оның ішінде шөп қайнатпалары мен тұндырмалары бар деммен қабылдау ерітінділерін қолдануға болмайды. Небулайзерлік ем-домға арналған, дәрі-дәрмек компаниялары шығарған сұйық түріндегі стандарты деммен қабылдау ерітінділерінің барлық түрлерін, табиғи минералды суларды қолданған дұрыс болады.

- Деммен қабылдауға арналған ерітінділер зарарсыздандырылған жағдайларда ерітінді ретінде 0.9% натрий хлоридін қолдану негізінде дайындалуға тиіс. Деммен қабылдау дәрмегі ретінде құбырдан ағатын және тіпті қайнатылған суды да пайдаланбаған дұрыс. Ерітінді дайындалатын ыдыс алдын ала қайнату арқылы зарарсыздандырылады.
- Деммен қабылдау сипатын (ауыз арқылы, мүштікті пайдаланып, немесе демпердені пайдалана отырып, мұрын арқылы), ұзақтығын (әдетте 10-15 минуттан артық емес) және кезеңділігін, сондай-ақ пайдаланылатын деммен қабылдау ерітінділерін СІЗДІҢ ДӘРІГЕРІҢІЗ анықтауға тиіс.
- Балалар аспапты ересектердің бақылауымен пайдалануға тиіс.
- Егер Сіз аспапты ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуаттау элементтерін алып тастаңыз.
- Аспапты суға салмаңыз, су астында немесе себезгі кабинасында ұстамаңыз. Жуынған кезде пайдаланбаңыз.
- Егер аспап жұмыс істемей қалса, «АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ АЛГОРИТМІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ ТӘСІЛДЕРІ» бөлімін қараңыз.
- Тек LD-207U үлгісіне арналған және осы басшылық құжатта көрсетілген жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Аспаптың саңылауына бөгде заттарды тықпаңыз.


⚠ Есіңізде болсын! Аталған аспап деммен қабылдаттыру арқылы анестезия жасауға және өкпені жасанды түрде желдетуге арналмаған.

ҚУАТТАУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОРНАТУ

Ингалятор жиынтығына AA түріндегі (LR6) екі қуаттау элементі кіреді. Жиынтыққа кіретін қуаттау элементтері аспаптың жұмысқа жарамдылығын тексеруге ғана арналған және жаңа қуаттау элементтеріне қарағанда олардың қызмет мерізімі қысқа болуы мүмкін.

Қуаттау элементтерін орнату үшін қақпақтың сырттеспесін бармақпен басып, қуаттау элементтеріне арналған бөлікшенің қақпағын ашыңыз (1 сурет).

Полярлылығын сақтай отырып, қуаттау элементтерін орнатыңыз (2 сурет). Бармақпен сырт еткізіп басып, қуаттау элементтері бөлікшесінің қақпағын жабыңыз. Жаңа қуаттау элементтері, түріне және сыйымдылығына қарай, ингалятор жұмысын орташа алғанда 4 күн қамтамасыз ете алады (ингалятор күніне 20 минуттан жұмыс істесе).



Сур. 1

BATT кейіптегіші жыпылықтай бастаса, ингалятор тағы да 10 минут бойы жұмыс істей алады. Егер BATT кейіптегіші үзіліссіз жанып тұрса, бұл қуаттау элементтері қуатының тым төмен екендігін білдіреді. Ингалятор жұмысын тоқтатады. Ондайда барлық қуаттау элементтерін жаңаларымен ауыстырыңыз.


- Қуаты таусылған қуаттау элементтерін аспап ішінде қалдырмаңыз.
- Аспапты қуаттау үшін AA (LR6) түріндегі немесе қайтадан қуатталған Ni-MH түріндегі алкалинді қуаттау элементтерін сатып алған дұрыс.
- R6 түріндегі тұзды қуаттау элементтерін пайдалануға болмайды.


ЭЛЕКТРМЕН ҚУАТТАУ КӨЗІ БАР АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ


Төменде көрсетілген техникалық сипаттамалары бар электрмен қуаттау көзін пайдаланыңыз (жеке сатып алынады).

| | |
|-----------------|---------------------------|
| Шығыс кернеуі | : 3В ± 5% |
| Жүктеме тогы | : 500 мА-ден кем емес |
| Істікше: | |
| Полярлығы | : “минус” – ішкі түйіспен |
| Сыртқы диаметрі | : 3,5 ± 0,1 мм |
| Ішкі диаметрі | : 2,1 ± 0,1 мм |
| Ұзындығы | : 9 ± 0,3 мм |


Электрмен қуаттау көзінің ұяшығы аспаптың артқы жағында орналасқан. (3 сурет).

Электрмен қуаттау көзі бар аспапты пайдалану үшін электрмен қуаттау көзі істікшесін аспапқа жалғаңыз да электрмен қуаттау көзінің ашасын желі розеткасына тығыңыз және  түймешігін басыңыз.

Өлшеуді аяқтағаннан кейін  түймешігін басып, аспапты өшіріңіз, электрмен қуаттау көзінің ашасын желі розеткасынан суырыңыз және электрмен қуаттау көзі істікшесін аспаптан суырып алыңыз.




Сур.2




Сур.3

ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ


 **Маңызды!** Аспапты бірінші рет пайдаланар алдында оны «Күтім жасау, сақтау, жөндеу және өтелге шығару» бөлімінің 1 тармағында жазылғандай толық тазалау керек.

1. Деммен қабылдау камерасын негізгі блоктың жоғарғы жағындағы ойыққа сырт еткізіп кигізіңіз (4 сурет).

Есіңізде болсын! Деммен қабылдау камерасына арналған электродтарды таза ұстаңыз. Өйтпесе ингалятордың дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



Сур.4


 **Маңызды!** Деммен қабылдау камерасының торлы жарғақшасының қызмет мерзімі күніне үш рет пайдаланылғанда шамамен алты айға жетеді.

2. Сырттепні көтеріп, деммен қабылдау камерасының қақпағын ашыңыз (5 сурет). Дәрмекке арналған бөлікшеге емдік ерітіндіні құйыңыз (6 сурет). Дәрмекке арналған бөлікшенің ең үлкен сыйымдылығы – 8 мл (MAXLEVEL белгісіне дейін), ең төменгісі – 0,5 мл. Жылы ерітіндінің температурасын ұстап тұру үшін суға арналған бөлікшеге ыстық су толтырыңыз (6 сурет). 80°C-ға дейін ысытылған су құйған дұрыс болады. Сырттепні түсіріп, деммен қабылдау камерасының қақпағын жабыңыз.

Сырттепні ашып, жапқан кезде тым күштемеңіз (Бұл деммен қабылдау камерасының қызмет мерзімін ұзартады).


Қақпақтың тығыз жабылғандығына және деммен қабылдау камерасынан деммен қабылданатын ерітіндінің төгілмейтіндігіне көз жеткізіңіз.

3. Мүштікті (7 сурет) немесе демпердені орнатыңыз (8 сурет).



Сур.5


дәрмектерге арналған бөлік




су құюға арналған бөлік

Сур.6

Маңызды! Балаларға ингаляция жасаған кезде көлемі сәйкес келетін демпердені пайдаланған дұрыс. Демпердені пайдаланған кезде бала бір мезетте аузымен де, мұрнымен де дем ала алатын болады. Демперденің құрылымы демді ішке тартқан кезде артық қысымды болдырмайды, бұл баланың неғұрлым байыпты, бірқалыпты және терең дем алуына мүмкіндік береді

4. Деммен қабылдау ем-домын бастау үшін  түймешігін басыңыз. POWER кейіптегіші жасыл жарық боп жанады.

Маңызды! Егер қуат көзі қосылған кезде деммен қабылдау камерасы бос болса, POWER кейіптегіші бір секунд бойы жанып тұрады да содан кейін аспап автоматты түрде өшіп қалады. Ингалятор қуаттау көзі қойылғаннан кейін деммен қабылдау ерітіндісін бір секундтай бүркіп мүмкін, содан кейін 0.5 секундтық үзіліс болады. бұл аспаптың қалыпты жұмысы. Алайда, бұл үзілістен кейін аспап деммен қабылдау ерітіндісін үздіксіз бүркіп тұруға тиіс.




Сур.7

ДЕММЕН ҚАБЫЛДАУ


Деммен қабылдау тиімді де әсерлі болу үшін тынышталып, денені бос ұстап, тұзу отыру керек. Егер Сіз деммен қабылдауды төсекте жатқанда жасататын болсаңыз, онда арқаңыз неғұрлым түзуірек болатындай етіп арқаңызға жастық қойыңыз. Ыңғайсыз қалып пен дұрыс тыныс алмау өкпе мен тыныс жолдарының кейбір бөліктерінің қысылуына әкеліп соғуы мүмкін.

Маңызды! Әр келушінің өз мүштігін және/немесе демпердесін пайдаланғаны дұрыс.



Сур.8


Ыңғайланып отырыңыз да деммен қабылдауды бастаңыз. Тыныс алу бірқалыпты болуы керек, ауаіріне тыныс жолдарына тереңдей сіңу үшін баяу және терең дем алыңыз.



Сур.9

! **Маңызды!** Деммен қабылдау кезінде саңылауды жаппаңыз (9 сурет). Бұл аспаптың жұмыс тиімділігін азайтады.


Егер сіз ем-домды тоқтатқыңыз келсе, қуаттау көзін ажырату үшін түймешікті басыңыз. POWER кейіптегіші өшеді. Егер деммен қабылданатын ерітінді толық пайдаланылса, аспап автоматты түрде өшіп қалады.

! **Маңызды!** Егер деммен қабылдау кезінде деммен қабылданатын ерітінді толық пайдаланылғаннан кейін аспап автоматты түрде өшпесе,  түймешігін басып, қуаттау көзін өшіріңіз. Орын алған машақаттың себебін анықтау үшін «Ақауларды іздеу алгоритмі және оларды түзету тәсілдері» бөліміне жүгініңіз.


Сіз ем-дом кезінде ингаляторды еңкейте аласыз (тік қалпымен салыстырғанда 45°-тан артық емес бұрышқа). Алайда, деммен қабылданатын ерітіндінің торлы жарғақшаға тиіп тұрғанына көз жеткізіп алыңыз.

Ингалятор аспаптың еңкіштік бұрышы өзгергеннен кейін біраз уақыт қалыпты жұмыс істей алады. Егер еңкіштік бұрыш деммен қабылданатын ерітінді торлы жарғақшаға тимейтіндей болса, ол шамамен 10 секундтай жұмыс істейді де содан кейін өшіп қалады (Жұмыс уақыты деммен қабылданатын ерітіндінің түріне байланысты).

Деммен қабылданатын ерітінді аз қалса, аспапты өзіңізге қарай еңкейтіңіз. Бұл қалған деммен қабылданатын ерітіндіні толық пайдалануға мүмкіндік береді. Пайдалану кезінде ингаляторды сілкілемеңіз. Бұл оның автоматты түрде өшіп қалуына себеп болады.

Деммен қабылдау аяқталғаннан кейін  түймешігін басып, аспапты өшіріңіз, POWER кейіптегіші өшеді. Ингалятордың артқы жағындағы PRESS түймешігін басып және деммен қабылдау камерасын алға қарай итеріп, деммен қабылдау камерасын шешіп алыңыз (10 сурет).




«Күтім жасау, сақтау, жөндеу және өтелге шығару» бөлімінің 1 тармағында жазылғандағыдай аспапты тазалаңыз.



Сур.10

ЖАРҒАҚТЫ ТАЗARTY РЕЖІМІ

Жарғақшаны тазарту режимі жарғақшаны дәрі-дәрмек қалдықтарынан және басқа да тұнбалардан автоматты түрде тазартуға арналған. Жарғақшаны тазарту режимін іске қосу үшін:

1. Дәрілік ерітіндіге арналған ыдысқа 8 мл-ден аз емес дистильделінген су құйыңыз.
 2.  түймешігін басып дейін 5 сек. басып тұрыңыз. Содан соң  түймешігін босатыңыз. Шамамен 3-5 секундтан кейін POWER индикаторы жыпылықтай бастайды. POWER индикаторы жыпылықтап тұрған кезде аспап жарғақшаны тазарту режимінде болады.
 3. Аспап 10 минуттан кейін автоматты түрде ажырайды. Жарғақшаны тазарту режимін мәжбүрлі түрде ажырату үшін  түймешігін қысқа мерзімге басу керек.
- Аспапты күнделікті пайдаланған кезде немесе аэрозольдің өнімділігі азайған немесе мүлде болмай қалғанда жарғақшаны кем дегенде айына 1 рет тазартып тұрған дұрыс.

КҮТІМ ЖАСАУ, САҚТАУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ӨТЕЛГЕ ШЫҒАРУ

1. Кез келген емдік ерітіндіні деммен қабылдау аяқталғаннан кейін торлы жарғақшаны емдік дәрмектер қалдықтарынан тазарту үшін 1-2 минут таза сумен бүркіп жуу керек.

⚠ Есіңізде болсын! Жарғақшаны әлдебір затпен (сүрткішпен, шүберекпен, мақталы таяқшалармен және т.б.) тазалауға БОЛМАЙДЫ!

2. Аспап пен оның барлық тетіктерін үнемі тазалап тұрыңыз. Аспаптың электр қорегі адаптерінен басқа барлық тетіктерін 0,5% жуу құралы (мәселен, жуу ұнтағы) қосылған 3%-дық сүтегі асқын тотығы ерітіндісімен сүрткен дұрыс. Содан кейін дәрі-дәрмек ерітіндісіне арналған ыдысты ағыл-тегіл ағынды су астында жуу керек. Мүштіктерді 10 минут бойы қайнатуға немесе 150 градусқа дейінгі температурада автоклавирлеумен тазалауға болады. Тазалағаннан кейін аспаптың барлық бөліктерін жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз.
3. Аспапты тура түсетін күн көзінен және соққылардан сақтаған жөн.
4. Аспапты жылытқыш аспаптар мен ашық отқа тым жақын жерде сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
5. Аспапты кірлетпей ұстаңыз.
6. Аспаптың уытты ерітінділерге жанасуына жол бермеңіз.
7. Қажет болғанда оны тек мамандандырылған ұйымдарда ғана жөндетіңіз.
8. Бұл аспапқа шығарылған күннен бастап 5 жыл қызмет мерзімі белгіленген. Шығындық материалдарға - тұтын-шыға берілген сәттен бастап 1 жыл. Белгіленген қызмет мерзімі бітерде аспаптың техникалық жағдайын тексерту және егер қажет болса, оны Сіздің өңірде қолданыстағы ережелерге сәйкес өтелге шығаруды жүзеге асыру үшін аспапты ауық-ауық мамандарға (мамандандырылған жөндеу ұйымдары) көрсетіп тұру қажет. Өндіруші өтелге шығарудың арнайы шарттарын белгілемеген.

КЕПІЛДЕМЕЛІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұл аспапқа сатылған күннен бастап 12 ай кепілдемелік мерзім белгіленген. Кепілдіктің шығындық материалдарға (деммен қабылдау камераларына, демперделерге, мүштіктерге, түтікшелерге және т.б.) қатысы жоқ. Кепілдемелік міндеттемелер аспап тұтынушыға сатылған сәтте кепілдемелік талонмен ресімделеді. Кепілді қызмет көрсететін ұйымдардың мекенжайлары кепілдемелік талонда көрсетілген.

ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

| № | НАЗВАНИЕ | МОДЕЛЬ | КОЛИЧЕСТВО, шт. |
|---|--|---------|-----------------|
| 1 | Негізгі блок | — | 1 |
| 2 | Деммен қабылдау камерасы | LD-N060 | 1 |
| 3 | Деммен қабылдау демпердесі, ересектерге арналған көлем | LD-N041 | 1 |
| 4 | Деммен қабылдау демпердесі, балаларға арналған көлем | LD-N040 | 1 |

| | | | |
|----|------------------------------------|---------|---|
| 5 | Деммен қабылдау мүштігі | LD-N023 | 2 |
| 6 | AA қуаттау элементтері, 1.5В | — | 2 |
| 7 | Пайдалану жөніндегі басшылық құжат | — | 1 |
| 8 | Сөмкеше | — | 1 |
| 9 | Кепілдемелік талон | — | 1 |
| 10 | Қаптама | — | 1 |



НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

| | |
|---|---|
| Орындалуы | LD-207U |
| Түрі | ультрадыбысты |
| Тұтынатын қуаты, артық емес, Вт | 1,5 |
| Ауаірнені алу өнімділігі, мл/мин. | 0,2 кем емес* |
| Ауаірне бөлшектерін бөлу, мкм | <5 – 40% <10 – 90% |
| Ауаірне бөлшектерінің орташа көлемі (MMAD), артық емес, мкм | 5* |
| Деммен қабылданатын ерітіндіге арналған ыдыстың көлемі, мл | 8 |
| Деммен қабылданатын ерітіндінің қалдық көлемі, артық емес, мл | 0,5 мл |
| Шуыл деңгейі, артық емес, дБ | 50-ден төмен* |
| Жиілігі, кГц | 180* |
| Электрмен қуаттау, В | 2,8-3 |
| Электрмен қуаттау түрі | AA түріндегі 2 қуаттау элементі (LR6) немесе электрмен қуаттау көзі |
| Электрмен қуаттау көзі (жеке сатып алынады): | |
| Шығыс кернеуі, В | 3 ± 5% |
| Жүктеме тогы, кем емес, мА | 500 |
| Істікше: | |
| Полярлығы | “минус” – ішкі түйіспе |
| Сыртқы диаметрі, мм | 3,5 ± 0,1 |
| Ішкі диаметрі, мм | 2,1 ± 0,1 |
| Ұзындығы, мм | 9 ± 0,3 |
| Электр тогының соғуынан қорғану дәрежесі | BF түріндегі бұйым |
| Аспапты пайдалану шарттары: | |
| Қоршаған ауа температурасы, °С | 10-нан 40-қа дейін |
| Ылғалдылық, % Rh | 85-тен артық емес |
| Атмосфералық қысым, кПа | 86-тен 106-ға дейін |

| | |
|---|--|
| Аспапты сақтау және тасымалдау шарттары: Қоршаған ауа температурасы, °С Ылғалдылық, % Rh Атмосфералық қысым, кПа | минус 10-нан 40-қа дейін 95 және одан төмен 50-тен 106-ға дейін |
| Аспаптың салмағы (қаптамасыз), артық емес, г | 230 |
| Деммен қабылдау камерасы бар негізгі блоктың ауқымды көлемдері, мм Өндірілген жылы | 82 x 46 x 121 Аспап корпусында «А» нышанынан кейінгі сериялық нөмірде көрсетілген |

* - Little Doctor International (S) Pte. Ltd. өлшеген.

Нышандарға тісініктеме

| | |
|--|---|
|  ВФ түріндегі жабдық |  0123 93/42/ЕЕС Директивасына сәйкестігі Стерильді емес |
|  Білген жөн: Нұсқаулықты оқыңыз | |
|  II қорғаныс класы | |

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ АЛГОРИТМІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

Аспапты пайдаланған кезде әлдеқандай ақаулық пайда болса, мүмкін болатын ақаулықтарды түзету үшін төменде келтірілген кесетені басшылыққа алыңыз.

| Машақат | Сөбеп | Ұсынылатын әрекеттер |
|---|--|---|
| Ауақірменнің пайда болу қарқындылығы өте төмен | Деммен қабылдау ерітіндісі мен торлы жарғақша арасында 10 секундтан астам түйісушілік жоқ | Ингалятордың еңкіштік бұрышын деммен қабылданатын ерітінді торлы жарғақшамен түйсетіндей етіп ауыстырыңыз |
| | Деммен қабылдау камерасының торлы жарғақшасы ластанған Қолдануға болмайтын тұтқырлығы көп емдік дәрілерді пайдалану | Жарғақшаны «ЖАРҒАҚШАНЫ ТАЗАЛАУ РЕЖІМІ» бөлімінде көрсетілгендей тазалау керек. Егер тазалағаннан кейін де ақаулық жоғалмаса, деммен қабылдау камерасын жаңасымен ауыстыру керек |
| | Ингалятордың және деммен қабылдау камерасының электродтары ластанған | Ластанудан тазартып, қуат көзін қайтадан қосыңыз |
| Қуат көзін қосқаннан кейін POWER кейіптегіші бір секунд жанады да өшіп қалады | ВАТТ кейіптегіші жыпылықтайды, қуаттау элементтерінің қуаты жеткіліксіз | Барлық қуаттау элементтерін жаңаларымен ауыстырып, қуат көзін қайта қосыңыз |
| | Деммен қабылдау камерасы бос | Деммен қабылдау камерасына деммен қабылданатын ерітінді құйыңыз |
| | Торлы жарғақша мен деммен қабылданатын ерітінді арасында түйісушілік жоқ | Ингалятордың еңкіштік бұрышын деммен қабылданатын ерітінді торлы жарғақшамен түйсетіндей етіп реттеңіз |
| | Ингалятордың және деммен қабылдау камерасының электродтары ластанған | Ластанудан тазартып, қуат көзін қайтадан қосыңыз |

| Машақат | Себеп | Ұсынылатын әрекеттер |
|--|--|--|
| POWER кейіптегіші жанбайды және ерітіндіні бүрку жүрмейді | Қуаттау элементтері дұрыс орнатылмаған | Қуаттау элементтерін полярлықты сақтай отырып орнатыңыз, содан кейін аспаптың қуат көзін қайта қосыңыз |
| | Қуаттау элементтерінің қуаты аз | Барлық қуаттау элементтерін жаңаларымен ауыстырып, қуат көзін қайта қосыңыз |
| POWER кейіптегіші жанып тұр, бірақ ерітінді бүркілмейді | BATT кейіптегіші үздіксіз жанып тұр – қуаттау элементтерінің қуаты өте аз | Барлық қуаттау элементтерін жаңаларымен ауыстырып, қуат көзін қайта қосыңыз |
| | Деммен қабылдау камерасының торлы жарғақшасында ақау бар | Деммен қабылдау камерасын жаңасымен ауыстырыңыз |
| | Ингалятордың және деммен қабылдау камерасының электродтары ластанған | Ластанудан тазартып, қуат көзін қайтадан қосыңыз |
| | Деммен қабылдау камерасының торлы жарғақшасы өте ластанған | Деммен қабылдау камерасын «Күтім жасау, сақтау, жөндеу және өтелге шығару» бөлімінде жазылғандағыдай тазалаңыз. Егер тазалағаннан кейін де ақаулық жоғалмаса, деммен қабылдау камерасын жаңасымен ауыстыру керек |
| Ингалятор жұмыс кезінде тоқтап қалады | Деммен қабылданатын ерітінді біткен | Деммен қабылдау камерасына деммен қабылданатын ерітінді құйыңыз |
| | Деммен қабылдау ерітіндісі мен торлы жарғақша арасында 10 секундтан астам түйісушілік жоқ | Ингалятордың еңкіштік бұрышын деммен қабылданатын ерітінді торлы жарғақшамен түйісетіндей етіп ауыстырыңыз |
| | Пайдалану кезінде ингаляторды сілкіген | Ингаляторды қолыңызда қисайтпай ұстаңыз, оны сілкілемеңіз |
| Деммен қабылдау ерітіндісі деммен қабылдау камерасынан ағады | Деммен қабылдау камерасының торлы жарғақшасында ақау бар немесе деммен қабылдау камерасының тығыздағышы тозған | Деммен қабылдау камерасын жаңасымен ауыстырыңыз |
| Демді ішке тарту камерасының торлы жарғақшасы толған | Демді ішке тарту камерасының торлы жарғақшасы дәрі-дәрмек қалдықтары толып қалған | Жарғақшаны «ЖАРҒАҚШАНЫ ТАЗАЛАУ РЕЖІМІ» бөлімінде көрсетілгенгедей тазалау керек |

СЕРТИФИКАТТАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Аспаптарды өндіруші ISO 13485 халықаралық стандарты бойынша сертифицикатталған. Аспап MDD 93/42/ЕЕС Европалық директивасына, Россия МЕМСТАНДАРТЫНЫҢ МЕМСТ Р 50444-92, МЕМСТ Р 50267.0-92 (МЭК 601-1.88), МЕМСТ Р 50267.0.2-2005 (МЭК 60601-1-2:2001), МЕМСТ Р 51148-98 стандарттары талаптарына сәйкес келеді.

✉ Тұтынушылардың талаптары мен тілектері ресми импортердің мына мекен-жайына жолдансын:


Қазақстан: 070010, Өскемен қ., Қарбышев к., 24, “Казмедимпорт” ЖШС.

Тел.: (7232) 76-97-97, e-mail: info@kazmedimport.kz, www.kazmedimport.kz

Өндіруші: Литтл Доктор Интернешнл (С) Пте. Лтд.

Компаниясының өнімі Little Doctor International (S) Pte. Ltd., 7500A, Beach Road, 11-313 The Plaza 199591, Singapore.

Мына заводта жасалған: Little Doctor Electronic (Nantong) Co., Ltd., No.8, Tongxing Road Economic & Technical Development Area, 226010 Nantong, Jiangsu, PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA.




Ерескелерге арналған LD-N041 демпердесі

- LD ингаляторларымен бірге пайдалануға арналған
- Латекстен жасалған
- Жеке пайдалануға арналған
- аптамадағы саны – 1 дана.




Балаларға арналған LD-N040 деммен қабылдау демпердесі

- LD ингаляторларымен бірге пайдалануға арналған
- Латекстен жасалған
- Жеке пайдалануға арналған
- аптамадағы саны – 1 дана.



LD-N023 деммен қабылдау мүштігі

- Ультрадыбысты LD-207U, LD-250U ингаляторларымен бірге пайдалануға арналған
- Пластиктен жасалған
- Жеке пайдалануға арналған
- Қаптамадағы саны – 2 дана.



Деммен қабылдау камерасы LD-N060

- Ультрадыбысты LD-207U ингаляторларымен бірге пайдалануға арналған
- Қаптамадағы саны – 1 дана.

* Жеке сатып алынады.

WWW.LITTLEDOCTOR.SG



EC REP Little Doctor Europe Sp. z o.o.
57G Zawila Street Krakow 30-390 Poland

® Зарегистрированные товарные знаки Little Doctor International (S) Pte. Ltd.
© Little Doctor International (S) Pte. Ltd., 2012-2021

1502/2107/19